



Филология ғылымдарының докторы, профессор  
Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызының  
75 жылдық мерейтойына арналған  
**“ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ КОНТЕКСІНДЕГІ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ”** атты  
халықаралық ғылыми-теориялық  
конференциясының

**ЖИНАҒЫ**

Алматы, 2025

## АУДАРМА ӘДЕБИЕТТЕРДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ КАЛЬКАЛАР

Айтжанова Гулнар Досхожақызы  
филология ғылымдарының кандидаты  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы қаласы.

***Abstract.** The article considers the process of translation and adoption of phraseological units as a relevant object of research in the context of globalization and increasing intercultural communication. The aim of research is determining the classification of phraseological calques, analyzing the causes and methods of calques. For the purpose of showing the features of interlingual phraseology, translating was considered literally in relation to the problem of foreign language*

*phraseological calque and its translation. In the article German, France, Spain, Chinese, Kazakh translations were discussed and comparized the linguistic and cultural point of view. Further, phraseological calques are considered in connection with the problems of translation studies, and their lexical, grammatical, and stylistic features are comprehensively analyzed. The methods and techniques of collecting and analysis of the material: descriptive method, semantic analysis and dictionary definitions were included too. The article also lists the number of references cited and indicates in use.*

**Key words;** *phraseology, calque, translation, alternative translation, free translation*

Әр ұлт тілдеріндегі көркем шығармаларды басқа тілге аударғанда аудармашы үшін сол тілдегі фразеологизмдерді аудару ең қиын мәселе. Фразеологиялық калькалар — бұл бір тілдегі идиомалардың, тұрақты сөз тіркестерінің басқа тілге сөзбе-сөз аударылуы, бірақ бұл аударма тек тілдік құрылымға емес, сондай-ақ мәдени контекске де негізделеді. Бұл ұғымды зерттеуде бірқатар теоретикалық көзқарастар мен әдістемелер дамыған. Mona Baker өзінің «In Other Words: A Coursebook on Translation» еңбегінде фразеологиялық калькаларды аудару кезінде олардың мәнін сақтап қалу қажеттігін атап өтеді, оның пікірінше, калькаларды қолдану көбінесе бастапқы тіл мен мақсатты тілдің мәдени айырмашылықтарын ескеруді талап етеді, себебі аударма мәтіні тек сөзбе-сөз емес, сонымен бірге сол мәдениетке тән бейнелі мағыналарды да беруі керек [1].

Jean-Paul Vinay және Jean Darbelnet өздерінің «Comparative Stylistics of French and English» атты еңбектерінде калькалардың қолданылуы мен құрылымын салыстырмалы түрде зерттейді және фразеологиялық калькаларды тілдер арасындағы сәйкестіктерді көрсететін аударма стратегиялары ретінде қарастырады. Авторлардың пайымдауынша мұндай калькалар көбінесе сөзбе-сөз аударылумен қатар, екі тілдің арасындағы синтаксистік және семантикалық айырмашылықтарды ескеріп жасалады [2].

Шет тіліндегі фразеологиялық калькаларды зерттеудегі ерекшеліктер бірнеше негізгі аспектілерге негізделеді, олар құрылымдық және мәдени аспект. Құрылымдық аспектте фразеологиялық калькалар көбінесе бастапқы сөз тіркестерінің құрылымын сақтай отырып, жаңа тілде қолданылуға бейімделеді, бұл әсіресе, ағылшын және неміс тілдерінде байқалады мысалы, ағылшын тіліндегі "to kill two birds with one stone" фразасы неміс тілінде "zwei Fliegen mit einer Klappe schlagen" ретінде калька жасалады. Бұл жағдайда калькалар құрылымдық жағынан ұқсас болып, бірдей мағына береді, бірақ әр тілдің мәдени контексінде әртүрлі бейнелер мен ассоциациялар тудыруы мүмкін.

Мәдени аспектке негізделген фразеологиялық калькаларды аудару барысында аудармашы тек тілдік құрылымды ғана емес, сондай-ақ мәдени аспектілерді де ескеруі тиіс. Christiane Nord өзінің «Text Analysis in Translation» еңбегінде аудармашының мәтіндегі фразеологиялық құрылымдарды аудару кезінде мәдени мәнді және контексті сақтап қалуы керектігін баса айтады [3].

Фразеологиялық калькаларды аударудағы ең үлкен қиындық — тілдер арасындағы мәдени айырмашылықтар мен сәйкессіздіктер, сондықтан фразеологиялық калькаларды аударуда аудармашы екі тілдің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ескере отырып, кальканы қолдану маңызды болады мысалы, ағылшын тіліндегі "to let the cat out of the bag" тіркесі француз тілінде "vendre la mèche" деп аударылады, бірақ мағынасы өзгермейді. Бұл екі тілде де адамға жасырын ақпаратты ашу әрекетін білдіреді, бірақ әр тілде оны көрсету тәсілдері әртүрлі.

Фразеологиялық калькалар — аударма теориясында маңызды тақырып, себебі олар тілдердің мәдени және құрылымдық ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Оларды аударуда мәдени контексті ескеру маңызды, ал калькалардың қолданылуы барысында тілдік сәйкестікті сақтаумен қатар, тілдердің әртүрлі жүйелеріндегі ерекшеліктер де ескерілуі керек. "To kill two birds with one stone" (екі қоянды бір оқпен ату) идиомасы ағылшын тілінде кеңінен қолданылады және көптеген басқа тілдерге, соның ішінде украин «вбити двох зайців» болып аударылады, дегенмен, калькаға қарамастан, әртүрлі мәдениеттерде бұл фразеологиялық

бірлік әртүрлі ассоциацияларға ие болуы мүмкін, мысалы бейнелердегі айырмашылық (құстар мен қояндар) мәдени-географиялық реалияларға байланысты, себебі ағылшын тілінде сөйлейтін елдерде құстар аң аулауға көбірек тән болса, ал Шығыс Еуропа мәдениеттерінде қояндар аңшылықпен теңестіріледі [4].

Неміс тілінде де ағылшын тілінен калькаларды қабылдау кеңінен таралған, олар көбінесе ағылшын тілінің бейнелі сөздерінен тікелей аударылады, бірақ кейде оларды түсіндіру үшін қосымша мәліметтер қосылады мысалы, неміс тіліндегі «Jemandem den Laufpass geben» идиомасы сөзбе-сөз «біреуге рұқсат беру» дегенді білдіреді, бірақ бейнелі мағынада ол қарым-қатынастың аяқталуын немесе бас тартуды білдіру үшін қолданылады, ағылшын тіліндегі «to give someone the cold shoulder» тіркесі «біреуге суық иық көрсету» деп аударылады және әдейі елемей немесе суық қабақ танытуды білдіреді және семантикалық ескіні эмоционалды қашықтық пен салқындықты білдіреді [5].

Француз тілінде де фразеологиялық калькалар жиі кездеседі және оларды да аудару кезінде семантикалық және мәдени аспектілер ескеріледі мысалы, "Avoir le cœur sur la main" ағылшын тілінде "to wear your heart on your sleeve" калькасы түрінде беріледі. Фразеологиялық бірлік адамның «жүрегін қолында ұстайтынын», яғни оны басқаларға беруге дайын екенін білдіретін шынайылық пен ашықтықты білдіреді. Бұл тұрғыда «жүрек» мейірімділікпен сезімталдықпен және басқаларға камқорлық жасау ниетімен байланысты. Сөзбе-сөз аударылған жағдайда өрнек оғаш және мағынасыз болып көрінуі мүмкін, дегенмен, метафоралық контекст оны түсінікті етеді [6].

Қытай тілінде де фразеологиялық калькалар бар, бірақ олар көбінесе ағылшын тілінің идиомаларынан емес, дәстүрлі қытай метафораларынан туындайды. Мысалы, «骑虎难下» (qí hǔ nán xià) сөзбе-сөз аударғанда «түсуі қиын жолбарысқа міну» деген идиома қытай мәдениетінде терең метафоралық мағынаға ие және белгілі бір дәрежеде ағылшын тіліндегі «between stone and rock» тіркесімен үндеседі, дегенмен, бұл тіркестердің өзіндік мағыналық және мәдени ерекшеліктері бар. «骑虎难下» идиомасы адамның жағымсыз салдарларға тап болмай шығуы мүмкін емес қиын жағдайды сипаттайды және жолбарыстың бейнесі қауіпті немесе күрделі мәселені білдіреді, сондықтан тәуекелге қарамастан жалғастыруға мәжбүрлікті білдірсе, ағылшынның идиомасы қиын таңдау жасауға мәжбүр болатын жағдайды және қиындықтар нақты материалдық кедергілермен байланысты болатын батыс мәдениетінің шындығын көрсетеді. [7].

Қазақ тілінде үріп ауызға салғандай – сүйкімді, әдемі; ит арқағы қиянда – алыс, қашық жер; мұртын балта шабу – ісі орнықты, шаруасы дұрыс; мұрнынан шаншыла! жүру – жұмыстан қолы тимеу; қой аузынан шөп алмас – момын, жуас адам; түйе үстінен сұрақ айту /ит қабу/ – икемсіз, епсіз адам; қабарынан қар жауу – ашулану; сияқты идиомдарды сөзбе-сөз аударуға болмайды. Бұл сияқты идиомдарда мағына тұтастығы өте берік, компонент араларына басқа сөздерді қосып, ауыстырып айтуға келмейді. Сол себепті фразеологизмдердің бұл түрін идиомдар немесе фразеологиялық тұтастықтар деп атаған.

Калька тәсілімен аударма әдебиеттер арқылы сөзбе-сөз аударылған тілдік бірліктер тілдің дамуында белгілі бір із қалдырады. Мысалы, калька жолымен жасалған бірталай терминдік тіркестердің қазақ терминологиясында өзіндік қалыптасу үдерісі бар екендігін көрсетеді. Кальканың сөзжасамдық және семантикалық түрлерімен қоса, аударма арқылы енген тіларалық қарым-қатынас негізінде фразеологиялық калькалар фразеологиялық қорда контексте саналады. Аударма тәжірибесінде қалыптасқан принциптер бойынша:

1. Фразеологиялық тіркестерді сөзбе-сөз аудару;
2. Фразеологиялық тіркестерді балама (адекватты) етіп аудару;
3. Фразеологиялық тіркестерді еркін аудару.

Сөзбе-сөз аударма техникалық және ғылыми мәтіндерде, құқық, медицина, немесе ғылым салаларында сөзбе-сөз аударма тиімді болуы мүмкін, себебі бұл мәтіндерде терминология нақты және стандартталған болады, мысалы, «mass conservation law» (ағылшын тілінде) терминін француз тіліне сөзбе-сөз «loi de conservation de la masse» деп аударуға

болады. Бұл түпнұсқа мағынасын сақтайтын аударма, өйткені екі тілде бірдей ғылыми терминология қолданылады. Сөзбе-сөз аударма идиомалар мен мәдени контекстерге қатысты қиындықтар туындатуы мүмкін мысалы, ағылшын тіліндегі "kick the bucket" (өлу деген мағынада) тіркесі басқа тілге сөзбе-сөз аударылса, оның нақты мағынасын жеткізе алмауы мүмкін, сөзбе-сөз аударса, «шелек тебу» деп аударылады, мағынасы басқа тілде сөйлейтіндерге түсініксіз болады, өйткені олардың мәдениетінде мұндай өрнек жоқ, сондықтан мағынаны жеткізу үшін түпнұсқа өрнектің мәнін беретін «өлу» сияқты бейімделген аударманы пайдалану қажет болады.

Сөзбе-сөз аударма кезінде бастапқы мәтін мағынасының өзгеріп кетуі мүмкін, себебі сөзбе-сөз аударма көбінесе сөйлем құрылымының немесе тілдер арасындағы мәдени айырмашылықтардың салдарынан мағынаның өзгеруіне әкеледі мысалы, ағылшын тіліндегі ағылшын тіліндегі «shed light» идиомасы «нақтылау» немесе «айқын ету» дегенді білдіретін бейнелі мағынада қолданылады, егер сөзбе-сөз аударылған болса, өрнек қате түсінілуі мүмкін, өйткені барлық мәдениеттер жарықты метафоралық мағынада пайдалана бермейді. Келесі мысалдағы «She gave me a book» деген ағылшын сөйлемінде сөз тәртібі көптеген еуропалық тілдерде сөйлейтіндерге таныс: субъект («Ол»), предикат («берді»), объект («маған кітап»), алайда жапон тіліне аударғанда («彼女は私に本をくれた»- Kanojo wa watashi ni hon o kureta) құрылым өзгереді: алдымен нысан (кітап), содан кейін әрекет (берді), объект (ол) және жанама объект (маған) әртүрлі позицияларды алады және жапон грамматикасының ерекшеліктеріне байланысты, мұнда сөздердің реті SOV принципіне сәйкес келеді (субъект-объект-предикат). Идиомалардың сөзбе-сөз аудармасы аударма тілде баламасы болмаса, олардың мағынасын бере алмайды және тілдердің әртүрлі грамматикалық заңдылықтары болғандықтан, жоғарыдағы сөйлем құрылымын тікелей тасымалдау мүмкін емес, сондықтан аудару кезінде мағынаны сақтау үшін аударма тілінің сөз тәртібі мен грамматикалық ерекшеліктерін ескеру қажет [11].

Сөзбе-сөз аудару арқылы жасалған фразеологизмдер көркем әдебиетте де, көпшілік сөздерде де мейлінше жиі қолданыста жүреді мысалы, ағылшын тіліндегі "To kill two birds with one stone" екі қоянды бір оқпен ату фразеологизмі украин тілінде Вбити двох зайців однією кулею (екі қоянды бір оқпен ату), орыс тілінде де Убить двух зайцев одним выстрелом (екі қоянды бір оқпен ату) деп сөзбе-сөз аударылады және бұл сөзбе-сөз аудармасы жиі кездесетін сөз тіркесінің мысалы, бірақ кейбір тілдерде басқа жануарлар немесе метафоралар қолданылуы мүмкін. Ағылшын тіліндегі "A bird in the hand is worth two in the bush" неміс тілінде Ein Vogel in der Hand ist besser als zwei in dem Busch, француз тілінде Un tiens vaut mieux que deux tu l'auras болып, аспандағы көкқұтаннан қолдағы тырна артық деген мағынаны білдіреді. Неміс тіліндегі Ein Vogel in der Hand ist besser als zwei in dem Busch ағылшын тіліне сөзбе-сөз "A bird in the hand is better than two in the bush" деп тек шамалы синтаксистік түзетулермен аударылған.

Келесі мысал әртүрлі метафоралар мен мәдени сипаттамалардың қолданылуына байланысты бір өрнектің сөзбе-сөз аудармасы әртүрлі тілдерде қалай ерекшеленетінін көрсетеді мысалы, ағылшын тілінде «To have one's heart in the right place» идиомасын сөзбе-сөз аударғанда «жүрегіңді дұрыс жерде ұстау» дегенді білдіреді және «мейірімді және жомарт адам болу» дегенді білдіреді. Француз тіліндегі «Avoir le cœur sur la main» баламасы сөзбе-сөз аударғанда «қолында жүрек болуы» дегенді білдіреді, және бұл метафора адамның ашық, шынайы және басқаларға көмектесуге дайын екендігін білдіреді, ағылшын тіліндегі мағынасына ұқсас, бірақ әртүрлі бейнелер арқылы жеткізілген.

Осы метафораның испан тіліндегі «Tener el corazón en el lugar correcto» баламасының сөзбе-сөз аудармасы – «жүрегіңіз дұрыс жерде болу» және метафора жағынан да, мағынасы жағынан да ағылшын тіліндегі сөз тіркесімен іс жүзінде бірдей. Үш тіркестің де мағынасы бірдей болғанымен (мейірімді адамды), олардың тұжырымдары әр мәдениетке тән метафоралардың айырмашылығын көрсетеді және ағылшын және испан тілдерінде жүректің дұрыс орналасуына назар аудара отырып, ұқсас метафора қолданылса, француздар мәдени ерекшеліктеріне негізделген «қолдағы жүрек». метафорасын таңдайды [12].

Белгілі бір сөз тіркестерін бір тілден бір тілге сөзбе-сөз тікелей аудару мүмкін болғанымен, бұл тәсіл әрқашан тиімді немесе идиоматикалық тұрғыдан нақты бола бермейді. Сөзбе-сөз аударма тек мағынаны сақтап қана қоймай, аударма тіліндегі мәдени реңктерді және нақты қолданысты да ескеруі керек. "To pull someone's leg" фразеологизмінің ағылшын тіліндегі мағынасы біреуді алдау, сөзбе-сөз аударғанда біреудің аяғынан тарту болып аударылады, неміс тіліндегі Jemandem auf den Arm nehmen сөзбе-сөз аударғанда біреуді қолынан алу, мағынасы ағылшын тіліндегідей біреуді алдау, француз тілінде осы фразеологизм Tirer la jambe de quelqu'un біреудің аяғын тарту боп сөзбе-сөз аударылады, мағынасы біреуді тығырыққа тіреу, сөйлесуге мәжбүрлеу. Жоғарыдағы фразеологизмнің жасалса, ағылшын, француз тілдеріне аяққа сілтеме дененің басқа бөлігіне (қолға) сілтеме the ice" фразеологизмы француз және испан тілдеріне сөзбе-сөз аударылғанда селді қозғау деген мағынасын сақтайды Briser la glace, Romper el hielo және француз және испан тілдерінде сөзбе-сөз аударманың ұқсас мәдени контексттердегі тілдерде қалай жиі қолданылатынын көрсетеді [13]. Сөзбе-сөз аудару арқылы жасалған қазақ фразеологизмдері көркем әдебиетте де, көпшілік сөздерде де мейлінше жиі қолданыста жүреді. Аудармада тыным талдау тіркесі түсіріліп қалған. Жалпы аударма мәтіндерінде көптеген фразеологизмдер мен поэтикалық метафоралар жиі аударылмай қалады.

1. Baker, M. In Other Words: A Coursebook on Translation. London: Routledge, 1992.
2. Vinay, J.-P., Darbelnet, J. Comparative Stylistics of French and English. Amsterdam; Philadelphia: John Benjamins Publishing, 1995.
3. Nord, C. Text Analysis in Translation: Theory, Methodology, and Didactic Application of a Model for Translation-Oriented Text Analysis. Amsterdam; Atlanta: Rodopi, 1997.
4. Newmark, P. A Textbook of Translation. London: Prentice Hall, 1988.
5. Копыленко М.М. О греческом влиянии на язык древнерусской письменности. // Русская речь, 1969.
6. Kussmaul, P. Training the Translator. Amsterdam; Philadelphia: John Benjamins Publishing, 1995.
7. Nida, E. Toward a Science of Translating. Leiden: Brill, 1964
8. Федоров А. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы): Уч. пособие. М., Высшая школа, 1983
9. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954. 563 б.
10. Кенесбаев И., Мусабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі.: Алматы, 1962.
11. Момынова Б. Газет лексикасы жүйесі мен құрылымы. Алматы: Арыс, 1999. 228 б.
12. Алдашева А. «Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелері». Алматы: Арыс, 1998.
13. 57. Айтбаев С. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. Алматы: 1975. 227 б.